

Баймаганбетова Жұлдызай Турматовна
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің
«Педагогика және оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы
п.ғ.к.,

Басшыбаева Гүлзат Сайлаубекқызы
«Болашақ» университетінің 2-курс магистранты

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік – экономикалық және саяси өзгерістер білім саласын жетілдіруді талап етеді. Әсіресе, қоғамдағы оқу–ағарту, білім беру салаларындағы гуманитарландыру мен демократияландыру процестері, ең алдымен, білім мазмұнын жаңартуда қазіргі заман талаптарына сәйкес болуын қажет етіп отыр.

«Білім берудің гуманитарлық сипаты, онда адам тек жай зерттеу объектісі ретінде ғана емес, ең алдымен, шығармашылық пен таным субъектісі құдіретті мәдениет үлгілерін дүниеге әкелген, әрі өзінің шығармашылыққа деген құлшынысымен оқушыларды баурап әкететін субъектісі ретінде көрінуімен бедерленеді», -делінген Қазақстан Республикасы гуманитарлық білім беру тұжырымдамасында. Міне, бұндай мақсатқа жету білім мазмұнын жаңартумен қатар оқытудың әдіс- тәсілдері мен әр алуан құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру міндетін жүзеге асыруды қажет етеді. Оқушылардың көбісінің өз бетінше оқу әрекетін ұйымдастырудың жоғары деңгейі – танымдық қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Бұдан шығатын қорытынды: бастауыш сыныптағы оқушыларды дамыта отырып оқытудың негізінде осы кезеңде оқушы үшін жетекші идея болып табылатын оқу әрекетін қалыптастыру жататыны айқын көрінеді.

Танымдық әрекет пен танымдық қызығушылықтың психологиялық негіздерін зерттеуге үлес қосқан ғалымдар: Л.С.Выготский, Б.Г.Ананьев, А.Н.Леонтьев, Л.В.Занков, В.В.Давыдов П.Я.Гальперин, Д.Б.Эльконин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Мұқанов және т.б

Бастауыш мектеп – оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі болып табылады. Сондықтан бастауыш білім – үздіксіз білім берудің басқышы, білім негізінің іргетасы. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Адам өзін қоршаған ортаны, әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында, олардың ішкі қасиетін анықтап, даму заңдылықтарын біледі, ондағы өзінің орнында біліп, басқа адамдармен қарым – қатынасын анықтайды. Осылардың негізінде өзі белсенді іс - әрекетке араласады, өзінің сұранымын, қажеттілігін қанағаттандырады. Олардың өзара маңызды байланыстары танып – білуші субъектіден тәуелсіз өмір сүреді. Заттар мен оның қасиеттерін түйсік, қабылдау және ақыл – ой арқылы танып білуге болады. Осы тұрғыдан алғанда философтар: ”Таным дегеніміз – сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнеленуінің қайшылыққа толы күрделі процесі”,-деген анықтама береді. Олай болса, таным барысында адам өзін

қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, тереңдей түседі, шынайы білімге айналады. Ендеше танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деген қорытынды жасауға болады. Танымдық белсенділік болмаса оқуға деген шығармашылық қабілетті дамыту мүмкін емес.

Бірінші сыныпта оқитын оқушылардың танымдық қызығушылығының даму деңгейлері әр түрлі болуы мүмкін. Танымдық қызығушылықтың ең қарапайым деңгейі оқушылардың сабақта естіген жаңа деректерге, қызықты құбылыстарға тікелей қызығуы. Кейбір балаларда танымдық қызығушылық жақсы дамыса, ал кейбірінде нашар көрінеді. Әр сыныпта сабақ үстінде сұрақ қойып, үй тапсырмасын даярлағанда қосымша әдебиеттер оқып, сөздіктер мен анықтамаларды пайдаланып, өте жоғары баға алуға тырысатын балалар болады. Керісінше, ешқашан қолын көтермейтін, енжар, селқос, ғылыми көпшілік көркем әдебиеттерді оқымайтын балалар да болады.

Психологиялық жинақтаған деректерге қарағанда танымдық қажеттілікті қанағаттандыру адамның дұрыс дамуының алғы шарты.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мусырыпова А.Н. Танымдық белсенділікті дамыту. // Қазақстан мектебі, 2002, №11-12,
2. Әмірова Б. «Танымдық және этикалық іс - әрекеттерді тиімді қолданудың оқыту процесіндегі ролі» ., // Ұлағат – 2002, №1,
3. Мустаяпова А. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. // Бастауыш мектеп, 2003, №12,